

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы Теңіз көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 қарашадағы № 1264 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы Теңіз көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің ж о б а с ы м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі Әсет Өрентайұлы Исекешевке Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы Теңіз көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

2 9

қ а р а ш а д а ғ ы

№

1 2 6 4

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы Теңіз көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі халықаралық құқық нормаларын басшылыққа ала отырып, егемендік, тең құқықтық, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, өзара пайда мен өзара көмек қағидаттарына сәйкес екі мемлекет арасында теңіз көлігі саласындағы қатынастарды нығайтуды және дамытуды қалай отырып, төмендегілер туралы келісті.

1-бап

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін пайдаланылатын негізгі терминдер: «Тараптың кемесі» – осы Тараптың мемлекеттік кеме тізіліміне немесе басқа тиісті

ресми тізіліміне енгізілген және осы Тараптың заңнамасына сәйкес оның мемлекетінің туын көтеріп жүзетін кез келген кеме. Алайда бұл терминде мыналар:

- 1) коммерциялық емес мақсаттарда пайдаланылатын әскери корабльдер және басқа да кемелер;
- 2) гидрографиялық, мұхиттану және ғылыми зерттеулер үшін пайдаланылатын кемелер;
- 3) балық аулау кемелері және инспекциялық кемелер;
- 4) Тараптардың әрқайсысының мемлекеті теңіз порттарының арасындағы каботажға және ішкі сулар бойынша кеме қатынасына арналған кемелер;
- 5) лоцмандық көрсетілетін қызметтерді, сүйретіп жүзуді қоса алғанда, порттық, рейдтік және өзге де қызметтерді көрсетуге арналған кемелер;
- 6) спорттық және серуен кемелері қамтылмаған.

«Экипаж мүшесі» – кеме капитаны және кеме бортында кемені пайдалануға немесе онда қызмет көрсетуге байланысты міндеттерді орындаумен айналысатын, кеме рөліне аты енгізілген және осы Келісімнің 8-бабына сәйкес теңізшінің сәйкестендіру құжаттарын иеленетін кез келген басқа тұлға;

«Теңіз порты» – Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларында белгіленген тәртіппен арнайы бөлінген аумақ пен акваторияда орналасқан және сауда мақсатында теңізде жүзу үшін пайдаланылатын кемелерге қызмет көрсетуге арналған құрылыстар кешені.

«Құзыретті органдар»:

- 1) Қазақстан Республикасы тарапынан – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі;
- 2) Түрікменстан тарапынан – Түрікменстан Теңіз және өзен көлігі мемлекеттік қызметі.

2. Құзыретті органдардың атауы немесе функциялары өзгерген кезде Тараптар бірін бірі дипломатиялық арналар арқылы хабардар етеді.

2-бап

1. Тараптар теңіз көлігі саласындағы екіжақты ынтымақтастықты дамытуға жәрдем көрсетеді, бұл ретте тең құқықтық және өзара пайда қағидаттарын басшылыққа алады.

2. Жүктерді тасымалдауда Тараптар өздерінің кеме жалдау, кеме қатынасы және кеме қатынасына байланысты кәсіпорындары мен ұйымдары арасындағы тығыз ынтымақтастыққа жәрдемдеседі.

3-бап

1. Тараптар:

- 1) Тараптардың мемлекеттері кемелерінің өз мемлекеттерінің теңіз порттары

арасындағы теңіз арқылы тасымалдарға қатысуына, сондай-ақ паромдық тасымалдарды одан әрі дамытуға жағдай жасауға;

2) өз мемлекеттерінің теңіз порттары арасындағы тасымалдарды дамытуды, оның ішінде терминалдар арқылы жүкті тиеп жөнелтуді және қабылдауды қиындатуы мүмкін кедергілерді жоюда ынтымақтасуға;

3) бір Тарап мемлекеті кемелерінің екінші Тарап мемлекетінің теңіз порттары мен үшінші елдердің теңіз порттары арасындағы тасымалдарға қатысуына кедергі келтірмеуге;

4) Тараптар мемлекеттері бір мезгілде қатысушылары болып табылатын теңіздегі кеме қатынасы қауіпсіздігінің мәселелері жөніндегі халықаралық шарттар талаптарының сақтауын қамтамасыз етуге;

5) болу мемлекетінің бақылаушы органдары өкілдерінің өздеріне жүктелген функцияларды орындауына кедергі келтірмеуге келіседі.

2. Осы баптың ережелері үшінші елдердің туын көтеріп жүзетін кемелердің Тараптар мемлекеттерінің теңіз порттары арасындағы тасымалдарға қатысу құқығын қозғамайды.

4-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің аумағында қолданылатын ұлттық заңнамаларға сәйкес бір Тарап мемлекетінің кеме қатынасы компанияларына және коммерциялық ұйымдарына олардың екінші Тарап мемлекетінің теңіз порттарына/порттарынан желілер ашуына, сондай-ақ олардың екінші Тарап мемлекетінің аумағында өкілдіктер немесе бірлескен кәсіпорындар құруына қажетті жәрдем көрсетеді.

5-бап

1. Әрбір Тарап порттарға еркін кіруге порттарды жүктерді тиеу және түсіру үшін, жолаушыларды отырғызу және түсіру үшін пайдалануға, порттық алымдарды төлеуге, дағдылы коммерциялық операцияларды жүзеге асыруға және теңізде жүзуге арналған көрсетілетін қызметтерді пайдалануға қатысты халықаралық қатынастармен айналысатын өз кемелеріне қандай жағдайларды ұсынса, екінші Тарап мемлекетінің кемелеріне де соларды ұсынады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері:

1) шетелдік кемелердің кіруі үшін ашық емес порттарға қатысты қолданылмайды;

2) Тараптардың әрқайсысы өз мемлекетінің ұйымдары үшін, атап айтқанда каботажды, сүйретіп жүзуді, лоцмандық алып өтуді және құтқаруды қоса алғанда, резервке қоятын қызметіне қатысты қолданылмайды;

3) бір Тарапты өзінің кемелеріне ұсынылатын міндетті лоцмандық алып өту туралы қағидаларынан алуды екінші Тараптың кемелеріне қолдануға міндеттемейді.

2) экипаж мүшесі ретінде өз жұмыстарын аяқтаған жерде, екінші Тарап

мемлекетінің портында өз кемесін осы Тарап мемлекетінің тиісті билік орнының рұқсатымен тастап шығуға және онда экипаж мүшесі ретінде жұмысын бастау немесе жаңа жұмыс орнына жету үшін дәл сол немесе өзге портта өз Тарапы мемлекетінің кеме қатынасы ұйымдары пайдаланатын басқа кемеге болу мемлекетінің заңнамасында белгіленген тәртіппен өтуіне;

3) пайдаланатын көлік түріне қарамастан, екінші Тарап мемлекетінің аумағына кіруіне немесе ол арқылы өз кемесіне келу, басқа кемеге өту, өз мемлекетіне оралу мақсатында немесе осы екінші Тарап мемлекеттің заңнамасын сақтай отырып, оның билік орны мақұлдаған кез келген өзге де мақсатпен жүруіне рұқсат етіледі.

2. Теңізшінің жеке басын куәландыратын құжаттарды иеленушілер жағалауға шыққан кезде және тиісті Тарап мемлекетінің аумағында болған кезде осы портта қолданылатын шекаралық, кедендін және өзге де бақылау түрлерінің қағидаларына бағынады.

10-бап

1. Осы Келісімнің 8-бабында көрсетілген тиісті сәйкестендіру құжаттарын иеленуші экипаж мүшесі, сондай-ақ Тарап мемлекетінің туын көтеріп жүзетін кеме экипажының басқа да мүшелері науқастануына, қызметтік немесе құзыретті билік орындары қабылдайтын өзге де себептерге байланысты екінші Тарап мемлекетінің аумағындағы теңіз портына түскен жағдайларда, бұл билік орындары экипаж мүшелеріне олардың аумағында қалуға, медициналық көмек алуға немесе ауруханада жатуға немесе көліктің кез келген түрімен өзі азаматы болып табылатын мемлекетке немесе кеме туы мемлекетіне қайтуға немесе жүк тиейтін басқа теңіз портына баруға қажетті рұқсат б е р е д і .

2. Тараптардың әрқайсысы өзі қаламайтын адамдардың өз мемлекетінің аумағына кіруінен, кемеден түсуінен және аумағында болуынан бас тарту құқығын сақтайды.

11-бап

1. Бір Тарап екінші Тараптың қайраңға отырған, зақымдалған немесе басқа да кез келген теңіз апатына ұшыраған кемесіне, оның капитанына, экипаж мүшелеріне, жолаушыларына және жүгіне өз мемлекетінің кемесіне көрсететіндей көмек көрсетеді және бұл Тарап екінші Тарап мемлекетінің тиісті құзыретті органдарын кідіріссіз х а б а р д а р е т у г е т и і с .

Қоғамдық мүдделерді қозғайтын жоғарыда көрсетілген теңіз оқиғаларына және осындай оқиға кемеңің опат болуына, оны қалдырып кетуге немесе адам өліміне әкеп соқтырған барлық жағдайларда, Тараптардың әрқайсысы екінші Тараппен келісім бойынша тағайындайтын құзыретті органдар тергеп-тексеру жүргізуге тиіс. Тағайындалған билік орындары тергеп-тексеру нәтижелерін екінші Тарап мемлекетінің

тиісті билік орындарына барынша қысқа мерзімде хабарлауға тиіс.

2. Тараптардың әрқайсысы мемлекетінің заңнамасына сәйкес осы баптың 1-тармағында көрсетілген кемеден түсірілген немесе құтқарылған жүк пен заттар екінші Тарап мемлекетінің аумағында пайдалануға немесе тұтынуға берілмейді деген шартпен, олардан кедендік баждар, салықтар салуға және алымдар алуға жатпайды. Мұндай жүк пен заттар кедендік бақылауға орналастырылады және мүмкіндігінше қысқа мерзімде екінші Тарап мемлекетінің аумағынан әкетіледі немесе осы мемлекеттің аумағындағы межелі пунктке жеткізіледі.

12-бап

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының өкілдері осы Келісім ережелерінің орындалу барысын қарау және теңіз көлігінің өзара мүддені білдіретін басқа да кез келген мәселелерін талқылау үшін Тараптардың бірінің өтініші бойынша ауық-ауық, Қазақстан Республикасында және Түрікменстанда кезек-кезек кездесе алады.

13-бап

Осы Келісімнің ережелері Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

14-бап

Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты Тараптар арасындағы кез келген дау Тараптардың құзыретті органдарының арасындағы тікелей келіссөздер арқылы шешіледі.

Егер келісімге қол жеткізілмесе, дау дипломатиялық арналар арқылы реттелетін болады.

15-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісуі бойынша оның ажырамас бөлігі болып табылатын, жеке хаттамалармен ресімделетін, осы Келісімнің 17-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

16-бап

1. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар

арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірі оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы екінші Тараптың тиісті жазбаша хабарламасын дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап алты ай өткенге дейін күшінде қалады.

20__ жылғы «__» _____ каласында әрқайсысы қазақ, түрікмен және орыс тілдерінде екі төлнұсқа данада жасалды әрі барлық мәтіндер теңтүпнұсқалы. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған кезде Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Түрікменстан